


сөйлейді. (38) Сол күн хақ. Ендеше кім қаласа, Раббына барар жол тұтсын. (39) Негізінде жақын бір азапты ескерттік. Ол күні алдын ала не істегеніне қарайды. Кәпір: "Әттең! Топырақ болып кеткен болсам" дейді. (40)

#### 79-НАЗИФАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сүңгіп шығарушы, (1) Баяу тартушы, (2) Малтап кетуші, (3) Жарысып озушы, (4) Сондай-ақ істі меңгеруші періштелерге серт. (5) Ол күні қатты сілкініс болады. (6) Оның артынан тағы бір сілкінеді. (7) Ол күні жүректер тітірейді. (8) Көздері төмен қарайды. (9) (Олар): "Шын, қайта тірілеміз бе?",- дейді. (10) "Қоқым, сүйек болған сәтте де?" (11) (Олар): "Ендеше ол қайғылы бір қайту екен" дейді. (12) Негізінен ол, бір айғай ғана. (13) Дереу сол уақытта олар майданда. (14) Саған Мұсаның хабары келді ме? (15)

Негізінде тақуалар үшін құтылу бар. (31) Бақшалар, жүзімдер бар. (32) Жас өспірім құрдас қыздар бар. (38-С. 52-А., 56-С. 37-А.) (33) Толып, тасыған кәсе бар. (34) Олар онда бос сөз және өтірік естімейді; (35) Раббыңнан толық бір сыйлық. (36) Көктер мен жердің әрі арасындағылардың Раббы; аса есіркеуші, Оған ешкім тіл қата алмайды. (37) Ол күні Жебрейіл (Ғ.С.) және періштелер, тізіліп тұрады. Алланың рұхсатынсыз ешкім сөйлемейді әрі дұрысын ғана

Сол уақытта, Раббы, оған қасиетті "Тұуа" ойпатында дабыстады: (16) "Перғауынға бар. Өйткені ол, азды." (17) Сонда оған: "Тазарғың келе ме?",- де. (18) "Саған Раббыңа баратын жолды көрсетейін. Одан қорқарсың" (19) Мұса, Перғауынға ірі мұғжизаны көрсетті. (20) Сонда ол, жасынға шығарып, қарсы шықты. (21) Кейін теріс айналып, жүгірді. (22) Адамдарды жинап, айғай салып: (23) "Мен сендердің ең ұлы раббыларың" деді. (24) Сондықтан Алла, оны ахирет, дүние азабымен қолға алды. (25) Расында бұнда қорыққан кісі үшін әлбетте бір ғибрат бар. (26) Сендерді жарату қиын ба? Немесе аспанды? Алла, оны да жасады. (27) Оның биіктігін көтеріп, оны теңгерді. (28) Оның түнін қараңғылатып, күндізін жарыққа шығарды. (29) Сосын жерді төседі. (30) Одан су және жайылыс майданға келтірді. (31) Оған таулар орналастырды. (32) Сендер және малдарың пайдалану үшін. (33) Бірақ ол ірі уақиға (қиямет) келген сәтте; (34) Ол күні адамзат не нәрсеге тырысқанын есіне алады. (35) Тозақ, көретіндерге көрсетіледі. (36) Ал енді кім шектен шыққан болса, (37) Оған дүние әсер еткен болса, (38) Сонда рас оның орны



тозақ. (39) Ал енді кім, Раббының алдына тұрудан қорқып, нәпсісін соққан нәрседен тежеген болса, (40) Негізінде оның барар жері ұрмақ. (41) (Мұхаммед F.C.) олар саған: "Қиямет қашан болады?",- деп, сұрақ қояды. (42) Ол жөнде түсінік беру сенің ісің бе? (43) Оның қортындысы, Раббыңа байланысты. (44) Негізінен сен қияметтен қорыққан кісілерге бір ескертуші ғанасың. (45) Олар қияметті көрген күні, дүниеде бір кеш немесе бір сәске тұрғандай ойлайды. (46)